

"Кемтар балаларға арнаулы түзеу ұйымдары мен басқа да ұйымдарға медициналық, арнаулы білім және арнаулы әлеуметтік қызметтерді алуды үшін жолдама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 14 наурыздағы № 120 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде 2017 жылғы 5 шілдеде № 15317 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Білім және ғылым министрінің 27.05.2020 № 223 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған "Кемтар балаларға арнаулы түзеу ұйымдары мен басқа да ұйымдарға медициналық, арнаулы білім және арнаулы әлеуметтік қызметтерді алуды үшін жолдама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Мектепке дейінгі және орта білім департаменті (Ж.А. Жонтаева) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың көшірмелерін ресми жариялау үшін мерзімді баспасөз басылымдарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінің "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінде интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім

және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Э.А.Суханбердиеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі

E. Сагадиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі
_____ Т. Сүлейменов

2017 жылғы 5 маусым

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
_____ Е. Біртанов

2017 жылғы 5 мамыр

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі
_____ Т. Дүйсенова

2017 жылғы 5 мамыр

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2017 жылғы 14 наурыздағы
№ 120 бұйрығымен
bekitilgen

**"Кемтар балаларға арнаулы түзеу үйымдары мен басқа да үйымдарға
медициналық,
арнаулы білім және арнаулы әлеуметтік қызметтерді алуы үшін жолдама
беру"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты
1-тарау. Жалпы ережелер**

1. "Кемтар балаларға арнаулы түзеу үйымдары мен басқа да үйымдарға медициналық, арнаулы білім және арнаулы әлеуметтік қызметтерді алуы үшін

"жолдама беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірлеген.

3. Мемлекеттік қызметті психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Құжаттар топтамасын қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүзеге асырылады.

2-тaraу. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап – 1 (бір) жұмыс күні;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің барынша рұқсат етілген уақыты – 20 (жиырма) минут;

3) қызмет көрсетудің барынша рұқсат етілген уақыты – 15 (он бес) минут.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеке сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі:

1) осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жолдама беру;

2) ата-аналарға консультативтік көмек көрсету.

7. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) тегін көрсетіледі.

8. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және көрсетілетін қызметті берушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет жылдамдатылған қызмет көрсетусіз тіркеу журналына алдын ала жазылумен кезек тәртібінде көрсетіледі.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не оның нотариалдық расталған сенімхаты бойынша ұсынуы) жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) ата-аналардың (занды өкілдердің) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (тұпнұсқа салыстыру үшін);

2) баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі (тұпнұсқа салыстыру үшін);

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған күжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау болып табылады.

3-тaraу. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша қызметті берушінің шешімдерге, әрекетке (әрекетсіздікке) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану көрсетілген мекенжайлары мен телефондары осы Стандарттың 15 тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағымның қабылдануын растау тегін, атын, әкесінің атын (ол болған жағдайда) көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің қеңесіндегі шағымның тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің жоғары тұрған мемлекеттік органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Шағымда көрсетілетін қызметті алушының тегі мен аты-жөні, күні көрсетіледі.

Шағымға көрсетілетін қызметті алушы қол қояды. Шағым беру кезінде субъект атавы немесе іс-әрекеті шағымдалатын лауазымды тұлғалардың лауазымы, тегі мен аты-жөні, жүргіну дәлелдері мен талаптары көрсетіледі.

Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жолданады не көрсетілетін қызметті берушінің қеңесіндегі қолма-қол беріледі.

Баланы тексеру шарттарымен және сапасымен көрсетілетін қызметті алушы келіспеген жағдайда шағым мемлекеттік қызмет көрсету орны бойынша Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес уәкілетті орган басшысының атына немесе облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармаларына демалыс және мереке күндерін қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.00-ге дейінгі тұсқі үзіліспен жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін беріледі. Уәкілетті орган басшыларының мекенжайлары мен телефондары облыстардың, Астана және Алматы қалалары білім басқармаларының интернет-ресурстарында көрсетіледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы шағыммен мемлекеттік қызметтерді көрсетудің сапасын бағалау және бақылау бойынша уәкілетті органға жүгінеді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен және шағымдарды қарау нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы заңнамамен белгіленген тәртіпте сотқа жүгінеді.

4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электронды нысанда және

халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы мемлекеттік қызмет көрсетудің

ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар

13. Жолдама көрсетілетін қызметті берушінің қорытындысының негізінде беріледі және алты ай бойы әрекет етеді.

14. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және жағдайы туралы ақпаратты мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі бойынша бірыңғай байланыс орталығы арқылы алады.

15. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызметті көрсетудің мәселелері бойынша ақпараттық қызметінің байланыс телефондары Министрліктің <http://edu.gov.kz> интернет-ресурсында орналастырылған.

"Кемтар балаларға арнаулы
түзеу ұйымдары мен басқа да
ұйымдарға медициналық,
арнаулы білім және арнаулы
әлеуметтік қызметтерді алуы
үшін жолдама беру"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартына 1-косымша
Нысан

Жолдама / Направление

Берілді / Дано _____

Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) / Фамилия, имя, отчество (при
е г о на л и ч и и)

р е б е н к а

"_____ " _____ туылған жылы / год рождения
мекенжайында тұратын: / проживающего (ей) по адресу: _____

Ж о л д а н а д ы

/ Н а п р а в л я е т с я

Білім беру үйымының атауы / Название организации образования
Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның менгерушісі /
Заведующий(ая) Заведующий(ая) психолого-медико-педагогической
кононсультаціей

" " _____

20 _____ ж/г.

М. О./М. П.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК